

Тұпқараған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 наурыздағы № 10/76 "Аз қамтамасыз етілген отбасыларға(азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 2016 жылғы 08 шілдедегі № 4/31 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 05 тамызда № 3117 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 18 сәуірдегі 2024 жылғы №13/75 шешімімен.

Ескеरту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Тұпқараған аудандық мәслихатының 18.04.2024 №13/75 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 10 бабының 3 тармағына, 24 бабының 6 тармағына сәйкес, Тұпқараған аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тұпқараған аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 наурыздағы № 10/76 "Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін

көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2241 болып тіркелген, 2013 жылғы 30 сәуірде "Ақкетік арайы" газетінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. "Тұпқараған аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеуді қамтамасыз етсін.";

Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасында:

1 тармақтың 4) тармақшасы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) уәкілетті орган - жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын "Тұпқараған аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган).".

Тұпқараған аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (А.Ізбен) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық

- құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылау Тұпқараған аудандық мәслихатының әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (комиссия төрағасы А.Берішбаева) жүктелсін.

Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, аудандық мәслихат хатшысы

A.Досанова

"КЕЛІСІЛДІ"

"Тұпқараған аудандық жұмыспен қамту,
әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық
хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік
mekemесі басшысының міндетін атқарушы

Г.Бекбосинова

8 шілде 2016 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Тұпқараған аудандық экономика
және қаржы бөлімі" мемлекеттік
mekemесінің басшысы

Ж.Төлеген

8 шілде 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК